

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің
2006.03.02 N 144; 2006.09.07 N 848; 2007.10.12 N 930; 2008.04.24
N 385; 2008.12.20 N 1190; 2009.06.08 N 855, 2009.10.13 N 1588 Қаулыларымен.

Мыңбаев - Қазақстан Республикасының
Сауат Мұхаметбайұлы Энергетика және минералдық
ресурстар министрі, төраға

Сафинов - Қазақстан Республикасы Энергетика және
Қанатбек Бейсенбекұлы минералдық ресурстар министрлігінің
жауапты хатшысы, төрағаның орынбасары

Алдашев - Қазақстан Республикасы энергетика және
Рүстем Ағыбайұлы минералдық ресурстар министрлігі Жер
қойнауын пайдалануға тікелей
инвестициялар департаментінің директоры,
хатшы

Есқалиев - Қазақстан Республикасының
Ерхат Серікұлы Индустрия және сауда вице-министрі

Сүлейменов - Қазақстан Республикасының экономика және
Тимур Мұратұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Шыналиев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Ғазиз Қоршабекұлы Министрі Кеңесінің Индустриялық-
инновациялық даму бөлімі
меңгерушісінің орынбасары

Бекетаев - Қазақстан Республикасының Әділет
Марат Бақытжанұлы вице-министрі

Әбішев - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"
Жандос Жантөреұлы акционерлік қоғамының тау-кен өнеркәсібі
активтерін басқару жөніндегі директоры
(келісім бойынша)

Балжанов - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"
Асқар Құрманұлы акционерлік қоғамының вице-президенті
(келісім бойынша)

Дәленов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Руслан Ерболатұлы вице-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 9 ш і л д е д е г і

N 7 8 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен алынатын құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) мемлекеттің сатып алуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен алынатын құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) мемлекеттің сатып алуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен алынатын құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) сатып алуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылады.

3. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен құқықтары

4. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша жер қойнауын (оның бір бөлігін) пайдалану құқығын иеліктен алу туралы өтініштерін қарау;

2) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) иеліктен алу туралы өтініштерді қарау;

3) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен алынатын құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) мемлекеттің сатып алуы туралы ұсыныстарды әзірлеу;

4) Жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен алынатын құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе)

қатысу үлестерін (акциялар пакеттерін) мемлекеттің сатып алуы туралы ұсыныстарды шешім шығару үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу.

5. Өзінің міндеттеріне сәйкес Комиссияның мыналарға:

1) орталық атқару және өзге мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өз ара іс - қимыл жасауға;

2) Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша Комиссияның отырыстарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін (келісім бойынша) шақыруға және тыңдауға;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік және өзге ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияның Төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды. Төраға болмаған кездерде оның міндеттерін орынбасары атқарады.

7. Комиссияның жұмыс органы Комиссия жұмысын ұйымдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Комиссия жұмыс органының функциясын Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі жүзеге асырады.

8. Комиссия отырысының күн тәртібі жөніндегі ұсыныстарды және Комиссияның отырысына қажетті өзге материалдарды әзірлеуді Комиссияның хатшысы жүзеге асырады, оларды ол отырыстан кем дегенде 3 күн бұрын Комиссия мүшелеріне жібереді. Комиссия отырысының хаттамасын ресімдеуді Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

9. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелері жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып есептеледі.

10. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданды деп есептеледі және отырысқа қатысқан Комиссия мүшелері қол қоятын Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде баяндалуға және Комиссияның хаттамасына тіркелуге тиіс.

11. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша жұмыс органы мүдделі адамдарға қарау нәтижелері туралы хабарлайды.

12. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК